



ГАЛИЯ УТЕБЕКОВА

Алтын мүйізді лақ
туралы ертегі



А өп-дөңгелек дүниенің қақ ортасында, көкжиегіне көз жетпейтін жалпақ далада, зәулім аспаннан күлімдеп қарайтын алтын күннің аясында, ағаш уықты, киіз туырлықты үйлерде бір ер жүрек жандар өмір сүреді екен.

Олар аса аз да емес, көп те емес. Себебі, қыста ақырған бораны мен үілдеген желі дамыл таппайтын, алты ай бойы қар жастанып, мұз құрсанып жататын, ала жаздай аптап қуырып, құрап кететін қатал өлкеде тіршілік етіпті. Күн ұзаққа аттан түспей, малын бағып, елі мен жерін жаудан қорғапты.

Міне, осынау кең даладан Ұлы Жібек жолы өтеді. Шығыстан Батысқа қарай кетіп бара жатқан керуендер жиі көзге түседі. Олар осынау ұзақ сапардан қайтқанда да осы жолмен жүреді. Ал егер, әлдеқандай қиындыққа тап болса дала заңы бойынша, мұндағылардың әманда көмекке келуге әзір екенін жақсы біледі.

Жер мен көктің иесі жалғыз Тәңір, қасиетті Ұмай-ана бұл мейірімді жандарға шапағатын төгіп, әрдайым желеп-жебеп отырады. Түнде жарқырап жұлдыз туғанда, миллиардтаған інжу-маржан тағынатын тап мұндай байтақ аспанды басқа еш жерден көрмейсіз.

Әйтсе де, бұл өлкенің басты байлығы - адамдары және олардың бір-біріне деген ыстық ықыласы, ақ ниеті, қонақжайлығы, салт-дәстүрі, әсіресе, ертең өздерінің ізін басатын өскелең ұрпағы – балалары екенін ешқашан естен шығармаған абзал.

Олар әрбір перзентін көзінің қарашығындай сақтауға тырысады. Сондықтан да, дүниеге сәби келген кезде той, шілдеhana жасап, көрші ауылдардан - алыс-жақыннан қонақ шақыруға асығады.

Олар даладағы тіршіліктің қиындығын жақсы білгендіктен, ауылға келген жолаушыны жылы жүзбен қарсы алып, ас-ауқатын алдына тосып, өз-өзіне келген соң ғана әңгімеге тартады. Сондықтан, жолаушылар да көрген-білгенін жасырмай, ағынан жарылып, шынын айтады.

Бірде сол мың-сан жолаушылардың бірі оларға мынадай бір қызық оқиғаны баян етті. Енді соған құлақ түрелік.

«Күндердің бір күнінде ағалы-қарындасты Айсұлу деген кішкентай қыз бен Күнту деген балақай ауыл маңында ойнап жүріп, мүйізі мен тұяғы алтындай жарқыраған бір ақбұйра лақты көріп қалады.

Әлгі лақтың төбесінде алтын айдары бар екен. Ақ лақ секіріп, ойнақтаған кезде айдары күнге шағылысып жарқырайды да, жан-жаққа ағаш жапырақтары секілді сәуле шашырайды.

Мұндай ғажап нәрсеге таңғалған балалар әлгі сәулелерді ұстап алмақ болып, ақ лақтың соңынан жүгіре жөнеледі. Сөйтіп, ауылдан бірте-бірте алыстап кете береді, кете береді.



Әуелде күн жылы әрі шуақты болғандықтан балалар өздерінің қаншалықты алысқа кеткенін, қалайша кеш түсіп, күн ұясына батуға беттегенін тіпті аңдамай да қалады. Себебі, әлгі сәулелерге қызығып, жүгіре береді, жүгіре береді.

Ақ селеу шөп ырғалып, олардың арқасынан сипап, әнші құстар құйқылжыта сайрап, жусан иісі аралас самал жел тынысын ашып, төбесінде ақша бұлттар қалықтаған қос бұлдіршін шын мәнінде бақытты еді. Сондықтан да, бір-біріне қарап күліп, алтын мүйізді ақ бұйра лақ бізді бір үлкен қазынаға бастап баратын болар, әлі-ақ үйге олжалы боп оралармыз деп ойлайды.

Міне, олардың алдынан биік тау жоталары мен жартастар, бөктер-бөктердегі қалың аршалар көрінді. Қызара бөрткен күн осы таудың арғы жағына батып барады. Ақ бұйра лақ тастан-тасқа секіріп, жоғары қарай өрлей берді, өрлей берді. Балаларға енді алға қарай жүру сәт сайын қиындай түсті.



Сөйтсе де, олар жапырақ секілді сәуле шашқан ақ бұйра лақтың ізінен қалмады.

Бір кезде күн таудың ар жағына қарай еңкейді. Алтын мүйізді ақ бұйра лақтың айдарынан жапырақ-жапырақ боп түскен ұшқындар күңгірт тартып, сөне бастады...

Әне-міне дегенше күн ұясына қонып, ақ бұйра лақ көрінбей кетті. Айналаны қап-қара түнек басты. Жерге шашылып қалған жапырақ тәрізді ұшқындар от орнындағы шоқ сияқты біртіндеп сөне бастады.

Алқаракөк аспанда жұлдыз жамырап, желдің ызғары білінді. Мұндайды күтпеген балалар енді қайда барарын, не істерін білмей, аңтарылып қалды...

-Апа-а-а-а! — деп айғайлады Айсұлу. Жел оның даусын қағып алып, ауылға қарай алып ұшты.

Ал ауылдағылар кеш батысымен-ақ балаларды шарқ ұрып іздеп жүрген болатын. Олардың ішінде әрине, ең қатты уайымдағаны осы балалардың әкесі мен шешесі еді. Күнту бұған алдымен өзінің айыпты екенін енді түсіне бастады. Себебі, ол шесінің алысқа ұзап кетпей, ауыл маңында ойнаңдар деген сөзін естен шығарып алған. Енді міне, аға ретінде қарындасына соны айтып, ескертпегеніне қатты өкініп тұр.

Алқаракөк аспандағы жұлдыздар балалардың үстінен төне қарап, жаны ашып, көмектескісі-ақ келеді, бірақ олар тым-тым алыста ғой...

Балалар қалтырап-дірілдеп тоңа бастады, қорқа бастады. Өйткені, қараңғы түкпірлерден жабайы аңдардың даусы естіліп, шөп арасынан бірдеңелер жыбырлайды.

Енді екеуі қосылып:

-Апа-а, апа-а, - деп бақырып жылауға көшті. Бірақ, олардың даусын ешкім естіген де, келген де жоқ.

Жалпақ дала желмен бірге уілдеп, жаңғырып: «Ұмай! Ұмай!!» деп, қасиетті анамызды көмекке шақырды.

«Ұмай, Ұмай! — деп жұлдыздар да ай дидарлы, құс қанатты әруақты шақырумен болды. Себебі, мұндай қиын кезде жаратушы иеміздің құдіретімен Ұмай ана ғана ұшып келе алатын еді.



Міне, ол да уілдеген желдің, жаңғырыққан даланың, жамыраған жұлдыздардың үнін естіп, Сүт-көлден қолына бір табақ сүт ала шығып, қараңғы түнде панасыз, қорғансыз қалған қос бүлдіршінге қарай ұшты.

Айсұлу мен Күнту бұл кезде бір үлкен жартастың түбіне барып тығылып, жылап-еңіреп, ауылдағы әке-шешесін, атасы мен әжесін, жақын туыстарын ойлап, енді сіздердің айтқандарыңызды тыңдаймыз, үлкендердің рұқсатынсыз ешқайда ұзап кетпейміз деп өкініп отырған болатын.

Кенет олар аспанда Ай жарқырап, жұлдыздар жымындап, өздеріне қарай ұшып келе жатқан Ұмай ананы көрсетіп тұрғанын байқады. Оның басында алтын тәжі, үстінде ұзын алқаракөк барқыт көйлегі, екі жаққа қанат секілді жайған қолында қоңырауы бар екен.

Ұмай ана күлімсіреп, қос бүлдіршінге бар мейірімін төге қарап, Сүт-көлден әкелген бір табақ сүтті беріп, екеуін құшағына қысып алды да, ауылға қарай ұшты.

О-о, бұл бір тамаша сапар болды! Балалар биіктен Ай нұрына шомылып жатқан жерді, өзендер мен көлдерді, ақ селеулі даланы, ең ақырында, қолдарына алау ұстап, өздерін шарқ ұрып іздеп жүрген ауыл адамдарын көрді...

Ұмай-ана жерге төмендеп, екі баланы киіз үйдің жанына түсіріп, мұның бәрі енді құпия болып қалсын дегендей белгі берді де, ұша жөнелді.

Балалар үйге жүгіріп кіріп, атасы мен әжесінің құшағына еніп кетті. Содан соң шешесі келіп, балаларын құшақтап, қуанғаннан жылап жіберді. Балалар ақ бұйра лақтың соңынан еріп кеткенін, сөйтіп, үлкен қазынаға кез боламыз деп ойлағанын – бәрін-бәрін жасырмай айтып берді. Содан соң өздері жинап алған жапырақ секілді сәулелерді қалталарынан шығарып қарап еді, әуелде солғын тартып тұрғандай көрінген жапырақ-сәулелер кенеттен тіріліп, шуақ шашып, қалықтай жөнелді де, үй ішіндегілердің төбесінен інжу-маржан боп төгілді.



Бұл Ұмай-ананың; дүниедегі ең асыл қазына — анаң, отбасың, қара шаңырағың, сондықтан, басқа байлыққа, бөтен қазынаға қызығып, туған ел, өскен жерді ұмытып кетпеңдер деген емеуріні еді.»

Жолаушы әңгімесін аяқтағанда, манадан бері ұйып тыңдап отырған жұрт үнсіз қалды. Бұл кезде түн ортасынан ауып, көз шырымын алатын уақыт та болып қалған.

Таңертеңгілік жолаушы тағы да сапарға аттанды. Киіз үйдің оң жақтағы керегесінде басында тәжі, үстінде алқаракөк барқыт көйлегі бар, қолына кесе ұстаған қанатты қуыршақтың қоңыраулары сылдырлап, ұйқтап жатқан балаларды әлдилегендей болады. Содан бастап, әрбір үйдің керегесінде Ұмай-ананың белгісі тұратын болды. Ел іші тыныш, бақытты өмір сүріп, адамдар бір-біріне өте қамқор болып, ұзақ жасайтын күнге де жетті.

